Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

22 қазан сейсенбі
№84 (2094)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Асқар АЛТЫНБЕКҰЛЫ, көз дәрігері, «Oscar Clinic» клиникасының құрылтайшысы:

ЕЛІМІЗДЕ 5000 АДАМ КӨЗ ҚАРАШЫҒЫН КҮТІП, КЕЗЕКТЕ ТҰР

– Қазір көзілдірік киетіндер қатары көбейді. Сондай-ақ ота жасау арқылы көзілдірік тастап жатқандар да аз емес. Тіпті бұл көпшілікті таңғалдыратын жаңалық болмай қалғаны да рас. Бір қарағанда, мұны ғажайып деуге болады...

– Көздің көру қабілетінің бұзылуының бірнеше себебі бар. Біріншісі, тұқым қуалайтын көз аурулары. Яғни астигматизм, миопия секілді көз аурулары тұқым қуалайды. Екіншіден, бала кезден телефонға, гаджетке үңілудің себебінен көру қабілеті бұзылады. Бұл кейінгі жылдары белең алып тұрғаны жасырын емес. Көз ауруының себебін тексеру барысында анықтап, соған қарай дәрігер шешім қабылдайды. Ал ота жасау арқылы көздегі «минусты» алып тастау туралы айтар болсақ, бұл лазерлік аппарат арқылы жүзеге асады. Қарапайым тілмен түсіндірсек, көздің көру қабілеті бұзылғаннан кейін көзге шамадан тыс жүк түседі. Алыстағы немесе жақындағыны көруге қиналған адам көзге көп ауырлық түсіреді, нәтижесінде көздің пішіні өзгеріп, созылады. Ота жасау барысында лазерлік аппарат арқылы қарашықты көз пішініне лайықтап өзгертеміз. Негізі көзге ота жасаудың бірнеше бар. Бірінші көздегі линтикуланы алып тастау арқылы көздің пішінін өзгерту. Екінші әдіс лазердің энергиясымен қарашықтың қалыңдығын жұқарту арқылы «минусты» алып тастаймыз. Мұны қарапайым халыққа түсіну күрделі. Алайда дүниежүзінде 35 жылдан астам уақыттан бері мұндай оталар жасалуда. Бұл әдістің қауіпсіз екені ғылыми түрде дәлелденген.

3-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Ақмешіттің ауқымы кеңейіп, жаңа көшелер бой түзеуде. Бұрындары қысыр жылан қысылып өтетін тар жолдардың өзі кеңейіп, көлік кептелісін болдырмауға бағытталған жұмыс та қыруар. Осы күнгі жөндеу көріп жатқан көшелердің барлығы да талапқа сай болу керек. Жұмыс барысын көзбен көрген облыс, қала әкімдері жұмыстың талапқа сай болу керегін қадап айтты.

ЖОЛ САПАСЫ – БІРІНШІ ОРЫНДА

«Апталықтың» коллажы

Облыс орталығына кіргеннен бастап көзге түсетін ең бірінші жұмыс – Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілхайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін нығайтылуы. Сол арқылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесін реконструкциялау жұмысы да жүргізілуде. Мердігер мекеме – «УАД» ЖШС, техникалық қадағалаушысы «ЗКА Проект», авторлық қадағалаушысы – «КБ МұнайГаз Инжиниринг» серіктестіктері жасап жатқан жолдың ұзындығы 6,71 шақырым болса, ені 14 метрге жетеді.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автомобиль жолының «Қызылорда-Жезқазған» 2-12 шақырымы аралығындағы орташа жөндеу жұмыстары да халықтың көптен күткен еді. Қазіргі уақытта Бейбарыс сұлтан көшесі мен Жаппасбай батыр көшесінің қиылысындағы жол айрығынан бастап «Бәйтерек» ықшам ауданына өтетін көпірге дейінгі аралықта жөндеу жұмыстары басталған. Құны 2,4 млрд теңге тұратын бұл жоба бойынша жол салу құрылысында жаңа технологияларды пайдалану қарастырылған.

Облыс әкімі басты талап жолдың сапалы салынуы, құрылыстың уақытылы аяқталуы екенін айтты. Жауапты сала басшылары жөндеу жұмыстарын үнемі тексеріп, кемшілікке жол бермеуі керек.

«Ақмешіт-ақпарат»

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ЕЛІМІЗДІҢ ТУЫ АСҚАҚТАЙ БЕРСІН

Ұлтымыздың ұлық мерекесі 25 қазан – Республика күні құтты болсын! Бұл – тарихи маңызға ие, тағылымы мол күн.

Республика күні – еліміздің игілігі, баға жетпес құндылық. Сол себепті бұл күннің мән-маңызын жас ұрпаққа көбірек дәріптеп, ұлттық рухты асқақтататын, айбынымызды асыратын іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы баршаңыздың еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын.

Ұлттық мерекемен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Еліміздің аспаны ашық, керегесі кең болсын. Отанымызда орнап тұрған тыныштық пен берекенің ғұмыры ұзақ болсын. Айтулы мерекеде еліміздің туы асқақтап, келешегі кемелдене бергей.

Бақытжан КАМАЛОВ,
облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директоры

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ АШҚАН ҚҰЖАТ

1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы кеңесінің шешімімен «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Декларация Тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағы болды. Бұл - тәуелсіздік үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылдан бастап бұл күн ұлттық мереке ретінде тойланып келеді. Халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын айшықты мереке бірінші кезекте әр отбасының, әр ұжымның, әрбір шағын топтардың арасында ерекше атап өтілуге лайықты татулық пен бірліктің мерекесі. Тәуелсіздік декларациясы қабылданған, ұлттық стратегиялық мүддеміз айқындалған, еркіндігіміздің бастауы болған күн. Сондықтан бұл құжаттың жыл өткен сайын маңызы арта бермек. Биыл тарихи құжаттың қабылданғанына 34 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде тәуелсіз Қазақстан әлемде өзіндік орны бар мемлекет ретінде қалыптасты. Тәуелсіз қазақ елінің болашағы жарқын, келешегі кемел болуына жұмыла еңбек ете береміз.

Гүлшат МҰСАЕВА,
«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы, облыстық мәслихат депутаты

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ТОҒЫСҚАН КҮН

Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атыраптың иесі де, киесі де болған дана халқымыз үшін 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекесінің маңызы зор. Сайын даланың төсінде еркіндік пен кеңдікті паш еткен қазақтың болмысы да егемендіктің ержүрек қадамдарының бірі ретінде айшықталатыны анық.

Бұл мереке – еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам. Естеріңізде болса, 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты саналатын республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдады. Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін қалады.

Арада қанша жылдар өтсе де алдыңғы толқын сол күндердегі қуанышты әлі де ұмыта қойған жоқ. Үлкендеріміз көзіне жас алып, еншісін алып Одақтан бөлек шыққан айбынды еліміздің болашағы жарқын екенін түсінді. Міне, жылжыған жылдар сол қадамның қуатты Қазақстанға жалғағанын әрбірімізге дәлелдеп берді.

Мерекеңмен, туған ел! Айбынымыз асқақтай берсін!

Мейрамбек ЕСЖАНОВ,
Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты

ДУБАЙ ШОКОЛАДЫ және КӨРСЕҚЫЗАР ҚОҒАМ

Соңғы кезде әлеуметтік желі қолданушылары арасында Дубай шоколады сәнге айналды. Тәтті өнімнің бұлай кең танылуына әрине танымал блогерлердің үлесі зор. Бірінен соң бірі жарыса жариялағаннан кейін Дубай шоколады көпшіліктің қызығушылығын арттырған. Онсызда әлеуметтік желідегі әдемі көрініске жиі алданатын қауым осылайша жаңа өнімнің кеңінен таралуына мүмкіндік берді.

Бүгінде тәтті өнімге деген сұраныстың артуы Араб елінің астанасындағы шоколад фабрикаларының жұмысын жандандыруда. Ал негізгі тұтынушылар қазақстандықтар екен. Шоколад бағасының қымбат болуына қарамастан Дубайдан тапсырыс беріп алдыратын отандастардың қатары артқан. Мамандар қазақстандықтардың шоколадқа жаппай тапсырыс беру арқылы Араб елінің экономикасын дамытып жатқандығын айтады.

Әлеуметтік желіде тренд болған тек Дубай шоколады ғана емес. Бұған дейін түрлі косметика, смартфон сияқты тағы басқа дүниелер көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Өнімді өткізуде қолданылатын маркетингтік әдіс-тәсілдер кез келген заттың құндылығын арттырады. Алайда оның қаншалықты құнды екенін бағамдап жатқан жан жоқ.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Қазақта «Еңбектің наны тәтті» деген мақал бар. Шынында, абыройлы еңбек адамды табысқа жетелейді. Туған жерге тер төгіп, қажырлы еңбек еткен жанның бірі – Жалағаш ауданы, Т.Жүргенов ауылының тумасы Әлібек Нұрылдаев.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ҮЛГІ

«Әке көрген оқ жонар» деген өсиет сөздің мәні тереңде жатыр. Өз заманында Әлекеңнің әкесі Максұт Нұрылдаев ауылдағы шаруашылықтың өркендеуіне еңбегі сіңген, қоғам қайраткері, еңбегімен елге сыйлы азамат болған.

«Тектіден текті туады, тегін білсе» деген халық даналығы 70 жастың желкенін көтеріп отырған Әлібек Максұтұлы ағамызға арналып айтылғандай. Әкенің тәлім-тәрбиесі, даналығы, парасат-пайымы перзентінің дара жолға түсуіне бағдар көрсетті .

Өнегелі жанның өмір жолына тоқталсақ, 1980 жылы Қызылорда қаласындағы ауыл шаруашылығы политехникумын үздік бітіріп, механик мамандығын алып, туған ауылы «Жаңаталап» ауылында алғашқы еңбек жолын бастайды. Алғашында шаруашылықта бас механик, гараж меңгерушісі, құрал-жабдықтар дайындау бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарған. Күріш, бақша егумен, мал шаруашылығымен айналысатын ауылда трактор, автокөлік мәселесін шешу мәселесі өзекті болатын. Шаруашылықтың барлық техникасының сақадай сай болуына Әлібек ағамыз жауапты еді.

Күріш егу, жинау науқанының сапырылысқан қызу тірлігінде егінді жауын-шашынға ұрындырмай, күндіз түні жұмыс істеу үшін техниканың бұзылмауы керек. Әр бригадаға машина, трактор бөлу, оларды жанар-жағар маймен, қажет құрал-жабдықпен қамтамасыз ету, жұмысшыларды егін басына тасымалдау жауапкершілігі Әлекеңнің мойнына жүктелді. Осы ауқымды жұмыстың бел ортасынан көрініп, еселі еңбек еткенін ел мадақтап айтып жүргені ол кісінің абыройының биік екенін дәлелдейді.

Сөз орайы келгенде ағамыз өз шаруашылығында 11 бригада болғанын, әр бригадада 8 комбайн, тағы 8 дестелейтін комбайн, 82 автокөлік машинасы болғанын айтады. Ойлап отырсақ, шаруашылыққа басшы болып, оны үйлестіру оңай емес. Оған ұйымдастырушылық қабілет пен күш-қайрат, ақыл-парасат қажет.

«Ел ағасыз, тон жағасыз болмас» дегендей, бүгінде ауыл жастары Әлекеңе қарап бой түзеп, ақыл-кеңесін тыңдап, алдағы жоспарды талқылайды. Өзінен кейінгіге қамқор болып, өзінің көп жылғы тәжірибесін үйрету Әлекеңнің жылдағы дәстүріне айналған. Себебі Әлібектей ақсақал елдің өркендегенін, шаруашылықтың шалқығанын қалайды. Көкірек сарайы өсиет пен қасиетке тұнған жанның әдемі өрілген әңгімесін тыңдаудан да ауылдастары жалыққан емес. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» демей ме халқымыз. Ауылдың да, ағайын-туыстың да абыз ақсақалына айналған қадірлі жан елдің құрмет-қошеметіне бөленіп жүр. Әлекеңнің де өмірлік жұбайы Гүлhанша Райбекқызы екеуі тату-тәтті өмір сүріп, 5 перзент тәрбиелеп, олардан немере сүйіп, мәуелі бәйтеректей көгеріп-көктеп, тамыры тереңге кеткен бақытты отбасы.

Рысбек ТОБЫЛОВ

БАЛАБАҚША – БІЛІМ БАСПАЛДАҒЫ

«Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі» дейді халық даналығы. Халқымыз бала тәрбиесіне аса зор жауапкершілікпен қараған. Тәрбиешінің міндеті бөбектерді үлкен өмірге дайындап, қанаты қайырылмайтындай етіп тәрбиелеу, ата-ананың сеніміне ие болу, үмітін ақтау. Бұл үлкен еңбек пен мол тәжірибені қажет етеді. Бүлдіршіндерге арналған уақытын өмірдегі ең бір бағалы сәтіне балайтын тәрбиешілерге деген құрмет те жоғары.

Тасбөгет кентінде орналасқан «Нұр орда» бөбекжай-бақшасы бүгінде кішкентай бүлдіршіндердің құтты мекеніне айналып отыр. Балабақша меңгерушісі Айгерім Усерованың айтуынша, мұндағы 7 топта 22 тәрбиеші жұмыс істейді. Тәрбиешілердің педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы және педагог-модератор біліктілік санаты бар. Бүгінде 4 жастан 6 жасқа дейінгі 100-ден астам балақайларға тәлім-тәрбие беріп отырған балабақшаға мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Жас ерекшеліктеріне сай оқу құралдарымен, ойыншықтармен, методикалық жаттығу құралымен жабдықталған.

Шынында, аулаға кіргеннен ертегілер өлкесіне саяхат жасағандай күй кештік. Ғимаратқа қадам басқанда әдемі ертегі кейіпкерлері, түрлі ойын құралдары, мұнтаздай тап-таза бөлмелер талғаммен безендірілген. Балалардың еркін ойнауына, ойлауына қолайлы, ой-өрісін дамытатын логикалық ойыншықтарымен бүлдіршіндер құмарта ойнауда.

– Кішкентай бөбектеріміз тілі шыққаннан адамгершілік қасиетті ата-анасынан, үлкеннен, тәрбиешіден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну бойынша сіңіреді. Тәрбиеші мамандығы қызығы мен қиындығы қатар жүретін маман иесі екенін балабақшада еңбек еткендер жақсы түсінеді. Сүйікімді бүлдіршіндермен арада керемет байланыс орнағанда, сыңғырлаған тәтті күлкілерді естігенде, үмітке толы көздерді көргенде тәрбиешілер өз мамандығынан ләззат алады. Бүлдіршіндерге сабақты қызықты етіп өткізу, ертегі оқып беру, тақпақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату, түрлі ойын ойнату арқылы бала бойындағы игі қасиеттің қалыптасуына жол ашылады. Тәрбиешілердің шығармашылық қабілетін шыңдап, жүйелі жұмыс істеуге дұрыс бағыт беруді, жаңа технологияны қолдана отырып, заман талабына сай білімін жетілдіруін қадағалап, тәжірибеден өткізіп отырамын. Балабақшадағы бүлдіршіннің бойына рухани-адамгершілік тәрбие сіңіріп, салт-дәстүрін сүюді меңгертсек, нұр үстіне нұр болады. Балабақша бақыт баспалдағы болса, тәрбиеші – ұрпақ тамырына нәр беретін мамандық иесі, – дейді балабақша меңгерушісі.

Тәрбиеші Анаркүл

«Нұр орда» бөбекжай-бақшасының «Балдырған» кіші тобының тәрбиешісі Анаркүл Әзиева балабақшада 2018 жылдан бері қызмет атқарады. Ол өз мамандығын барынша сүйетін мейірбан жан, білікті маман.

– Мен балаларды қатты жақсы көремін. Өйткені бала мен үшін тазалық пен пәктіктің, шынайылық пен туралықтың айнасы. Олар қуанса шын қуанып, ренжісе шын ренжи біледі. Олардың жаны жалғандықты сүймейді, не айтса да әділ, шындықты айтады. Көздері мөлдіреген, жүздерінде күлкі ойнаған балаларды көрудің өзі бір ғанибет.

2018 жылы «Балдырған» тобына қабылдаған 25 баланы 2024 жылдың мамыр айында бітіртіп, қимастықпен шығарып салдық. Қазір «Балдырған» кіші тобында 2 жасар 15 балаға тәлім-тәрбие беріп жатырмын. Әр адам өзі қалаған мамандықты жақсы көру керек. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген ғұлама Әл-Фарабидің сөзін басшылыққа аламын. Қазіргі заман балалардың тәрбиесіне ерекше мән беру қажет, себебі ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. Мен өз тәрбиеленушілерімнің балалықтан болашаққа табалдырық аттағанда келешегінің кемел болуын, әрбір бала жұлдыз болып жарқырауын қалаймын. «Маған айтып берсең ұмытып қаламын, көрсетсең есте сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін» деп Конфуций айтқандай, балалардың өздеріне жасату арқылы дамытамын. Әр күні тобымдағы кішкентай бөбектерімді көргенде еріксіз күлімсіреймін. Өйткені олар мені көргенде қатты қуанады, жарыса амандасады. Қуанышын жасыра алмай, алдыма келіп еркелейді, – дейді мейірімді тәрбиеші.

Педагогтың тәртібі, іс-қимылы, балалар мен үлкендермен қарым-қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Ал Анаркүл тәрбиеші өз ісінің шебері. Балаларға тәрбие беріп отырған бала жанының бағбаны.

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МЕКТЕП

Ұстаздық – ұлағатты іс. Өмірде өскелең ұрпақ үшін тер төккен ұстаздар қауымының қашанда орны ерекше. Халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы «Қанша ғасыр өтсе де адамзат баласы ардақ тұтар ұстаз – мәңгілік қастерлі ұғым, барлық мамандық атаулының басы және шыңы» деген еді. Бүгінде ұстаздар қауымына артылар талап пен жауапкершілік те жоғары. Қала мектептерінің ішінде жетістіктерге жетіп, өздерінің біліктілігі мен білімін үздік оқушыларымен дәлелдеп жүрген мектептердің бірі – №189 орта мектеп. Осы орайда біз білім ордасының жеткен жетістігін жүйелеп, талдап жеткізуді жөн көрдік.

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин тегін айтпаған. Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нұргүл Сәрсенбаеваның өмір жолына қарап, осы қасиетті терең ұққандай боламыз. 15 жылдық тәжірибесі бар ұстаздың өзгеге үлгі болар жеңісті әрі жемісті жолы бар.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқан тәмсілге сүйенсек, болашақ ұрпағымыздың қандай болып өсетіні мұғалімнің адал еңбегіне, педагогикалық шеберлігіне, шыдамдылығына, сондай-ақ, өз жұмысына деген сүйіспеншілігіне байланысты. Әр ұстаздың ұрпақ тәрбиелеу жолындағы қажырлы, әрі адал еңбегі қазақстандық педагогиканың үздік дәстүрін заманауи жаңашылдықпен үйлестіре білсе, алынбайтын асу, шықпайтын шың жоқ болмасы анық.

Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Анар Баймаханова ерекше белсенділігімен дараланған ұстаз. Ұстаздық жолында шәкірттерін білім додасына қатыстырып, бәйгеден бос қайтпаған шәкірттері баршылық. Білікті педагог білім саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін сан мәрте марапат мінберіне көтерілді. Жетістіктер қоржыны – толайым.

Ақын Мұхтар Шаханов «Бала жүрегі – кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әркез сол кілт болуы керек» деп тереңнен тебіренген еді. Шәкірт жүрегіне жол таба білген ұстаздың бірі он тоғыз жылдық педагогикалық өтілі бар, педагог – сарапшы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – Құндыз Айтмырза. Ол – «Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер» тақырыбында әдістемелік көмекші құралының авторы.

– Әр мұғалім қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі көркем сөздің ерекшеліктерін оқушыларды тіл мәдениетіне үйретіп жетілдірудің мықты құралы ете білуге тиіс. Оқушының тілін дамыту жұмысы, ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы пәнді оқып үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Яғни оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырса, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады, – дейді «Үздік жетекші» номинациясының иегері ұстаз Данияр Ақылбекұлы.

Мектептегі математика, физика және информатика пән бірлестігі мұғалімдері Ақжарқын Жақсылықова, Гүлдана Сембаеваның, Жанар Толыбекова, Гүлмира Сейілханова, Алтынкүл Данышпанова, Арайлым Бижановалардың еңбектерін ерекше атауға болады. Бала жанының бағбанына айналған олардың шәкірттері шыңға бастап, мектеп мерейін үстем етіп жүр. Жетістік желкенін керген ұжымы бар мектеп – қашан да өзгелерге үлгі. Айта кету керек, Нұрмат Оңғаровтың басшылығымен жолға қойылған дебаттық жарыстар да шәкірттердің жан-жақты қалыптасуына ықпал етуде. «Atyrau Cup – IV» атты республикалық дебат турнирінде облыс атынан мектеп ұстаздары Абылай Шайхыслам және Еламан Жаматов жартылай финалға жетіп, Алғыс хатпен марапатталса, қаладағы №173 орта мектебінің 60 жылдығына арналған пікірсайыста «Оратор» фракциясы жүлделі I орынды жеңіп алды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Талапберген Әбдраманов та – байрақты бәсекеге шәкірттерін баптаған білікті ұстаз. Оның шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық каратэ турнирлерінен жүлделі орындарды қанжығаға байлап жүр.

– Қазақтың лирик ақыны Мағжан Жұмабаев «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік hәм өз жанымызға қазақ жанына үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деген еді. Ұлт ардақтысы айтқандай, білім мен тәрбиені тең ұстап, шәкірттерімізді бәсекеге қабілетті, білім көкжиегі кемелденген ұрпақ етіп тәрбиелеу жолында тер төгіп жүрміз, – дейді мектеп директоры Хадиша Қорғанова.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқан тәмсілге сүйенсек, болашақ ұрпағымыздың қандай болып өсетіні мұғалімнің адал еңбегіне, педагогикалық шеберлігіне, шыдамдылығына, сондай-ақ, өз жұмысына деген сүйіспеншілігіне байланысты. Әр ұстаздың ұрпақ тәрбиелеу жолындағы қажырлы, әрі адал еңбегі қазақстандық педагогиканың үздік дәстүрін заманауи жаңашылдықпен үйлестіре білсе, алынбайтын асу, шықпайтын шың болмасы анық.

Бетті дайындаған **Гауhар ҚОЖАХМЕТОВА**
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Бүгінде көпшілік жиі шалдығатын аурудың бірі – жедел респираторлы вирусты инфекция. Жыл басынан бері 90 мыңнан астам адам тұмаумен ауырған. Ал оның 64 пайызы 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде. Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова ауруға шалдыққандардың басым көпшілігінен тұмау вирусының «А» түрі анықталғанын айтады.

Тұмауға бейқам қарама

– Тұмаумен ауырғандарды ауруханаға жатқызу көрсеткіші бүгінде 4 пайызды құрап отыр. Айта кету керек, ауыр ағымдағы жіті респираторлы вирусты инфекцияға шалдыққан науқастардың анализдері тұмаумен қатар коронавирус инфекциясына да зертханалық жолмен тексеруге жолданады. Жыл басынан бері аймақта коронавирустың 85 дерегі тіркелді. Нақты айтқанда, қаңтар-мамыр аралығында аймақта 76 адамнан COVID-19 жұқтыру дерегі анықталса, мамыр айынан бастап тамызға дейін коронавируске шалдығудың бірде-бір дерегі тіркелген жоқ. Тамыз айында 3 дерек және қыркүйекте 6 жағдай есепке алынды. Бүгінгі таңда эпидемиологиялық ахуал тұрақты деп бағалауға болады. Биыл тұмауға қарсы вакцинациялау 15 қыркүйектен басталды. Бұл мақсатта облыстық бюджеттен 85004 доза вакцина сатып алынған. Тұмауға қарсы иммундауға Ресей елінде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылады. Бұл тұмаудың штамдарына қарсы тиімді қорғаныс қалыптастырады. Вакцинациялау облыс емханаларында әлі күнге дейін жалғасуда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екпелерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тұмауға қарсы вакцинациялау тиісті контингенттерге тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі. Олар – ең алдымен медицина қызметкерлері, медициналық ұйымда диспансерлік есепте тұрған балалар және балалар үйлерінің, сәбилер үйлерінің балалары, карттар үйінің контингенті. Бұдан бөлек, еңбек ұжымдарында өз қызметкерлерін тұмауға қарсы ақылы түрде екпе салдыруға мүмкіндіктер қарастырылған. Бүгінгі күні тиісті контингенттің 70 пайызы яғни 59608 адам тұмауға қарсы екпе алды, бұдан бөлек, жұмыс берушілер есебінен 1000 адам вакцинациядан өтті, – дейді маман.

Көпшілік жай тұмау деп қарайтын жедел респираторлы инфекция ауруы асқынған жағдайда пневмонияға айналады. Одан бөлек бронхит, синусит, отит, миозит, миокардит ауруын тудырады. Бұл ауру 2 жасқа дейінгі балалар мен созылмалы ауруы бар науқастарда және карттар арасында ауыр жағдайда өтеді екен. Мамандар сондықтан респираторлық аурулардың бірінші белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеумен айналыспай, тез арада аймақтық дәрігерлерді үйге шақыртып, дер кезінде ем алу қажеттігін ескертеді.

Әлемді алаңдатқан дерт

Әлемдік статистикалық көрсеткіш бойынша жер шарындағы әрбір сегізінші әйел сүт безі обырымен ауырады екен. Ал дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпаратына сүйенсек, сүт безі обыры қатерлі ісік ауруларының 21 пайызын құрайды. Өкінішке қарай, елімізде де мұндай дертке шалдыққандар саны артуда.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, елімізде өткен жылы сүт безі обырының 5,5 мыңнан астам жаңа жағдайы анықталған. Ал бір жыл ішінде бұл дерттен көз жұмғандардың саны мыңнан астам деректі құраған. Әлем бойынша әйелдер арасында көп тараған қатерлі ісік ауруларының ішінде сүт безі обыры бірінші орында.

Жалпы қатерлі ісіктің өзге ауру сияқты алғашқы белгілері болмайды. Оны анықтаудың және алдын алудың бірден-бір жолы скринингтік тексеруден өту. Неғұрлым ерте анықталса ауруды жеңіп шығу мүмкіндігі жоғары болатынын сала мамандары да жиі айтады.

– Сүт безі қатерлі ісігін ерте кезден анықтап, дұрыс диагноз қойып, қажетті ем жасалса аурудан айығуға мүмкіндік бар. Қатерлі ісіктің жиі кездесетін түрлерін ерте анықтау мақсатында емханаларда онкологиялық скринингтен өту қажет. Алайда тиісті тексеруден өтуге құлықсыз, денсаулығына салғырт қарайтындар басым. Негізі 40 пен 70 жас аралығындағы әйелдер арасында сүт безі обырын ерте анықтау үшін екі жылда бір рет маммографиядан өтуі керек, – дейді облыстық онкологиялық орталықтың маммолог-онколог дәрігері Ләйлә Серікқұл.

Биыл елімізде «ОнкоРенессанс – 2024» онкологтардың бірінші халықаралық ғылыми-практикалық мектебі аясында жиын өтті. Сол басқосуда еліміздің бас онкологы, қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының басшысы Диляра Қайдарова онкологиялық аурудың жылдан-жылға жасарып бара жатқанын атап өтті. Бұрын қатерлі ісік 60-тан асқан адамдарда кездессе, қазір жастар арасында белең алған. Жиында өткен жылы 218 мыңнан астам қазақстандықтың онкологиялық есепте тұрғаны, ал 12 920 адамның көз жұмғаны айтылды. Қатерлі ісік бойынша өлім көрсеткіші 5 өңірде өскен. Өкінішке қарай, ол қатарда Қызылорда облысы да бар.

– Жалпы әйелдер диагностикадан өтуі керек. Сол үшін уақыт табуы қажет. Ол алдымен өзінің денсаулығы үшін екенін ұмытпағаны жөн. Сол сияқты қыз балаларды да 13-14 жастан бастап гинеколог, маммолог мамандарға тексерткен дұрыс. Сондай-ақ тамақтану тәртібін қалыптастыру қажет. Қазір көпшілікте дұрыс тамақтану режимі жоқ. Жастар арасында да, үлкендерімізде газдалған сусынға, жеңіл, тез пісетін тағамдарға әуес. Су ішу тәртібі қалыптаспаған. Адам күнделікті ағзаға қажетті суды тұтынуы керек. Одан бөлек қозғалыс аз. Осындай жайттар сүт безіндегі өзгерістерге әкелуі мүмкін. Осы орайда тағы бір айта кетер жайт, 16 жастан бастап сүт безін жарақаттанудан сақтау қажет. Бұл да өз кезегінде сүт бездерінің созылмалы жарақатына әкеліп, соңы онкологиялық ауруға әкеледі. Сол сияқты гормоналды дәрілер қабылдау сүт безінің құрылымын, қалыптасуын бұзады, – дейді маман.

Маммолог дәрігердің айтуынша, гормоналды дәрілерді жиі қабылдау сүт безінде пайда болған түйіндердің тез өсуіне әкеледі екен. Сонымен бірге ерте жастан түсік жасатудың да салдары болады. Жалпы алғанда қолайсыз жағдай, кеш босану, жиі түсік жасату, сүт безінің дисгормоналды жағдайы, зат алмасудың бұзылуы, семіздік, қозғалыстың аздығы, тамақтану тәртібі сынды жайттар сүт безі қатерлі ісігін тудырушы фактор саналады.

Күйзеліс, жамбас мүшелерінің қабыну аурулары, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы, аз қозғалыс, созылмалы іш қату, қалқанша безі қызметінің бұзылуы ағзадағы гормоналды тепе-теңдікті бұзады. Мамандар адам ағзасында қатерлі ісіктің пайда болуы көп жағдайда осындай факторлардың әсерінен болатынын айтады. Ал генетикалық жағдай тек 5 пайызды ғана құрайды екен.

Бүгінде медицина дамып келеді. Ауруды ерте бастан анықтауға барлық мүмкіндік жасалған. Тек көпшіліктің осыны тиімді пайдаланбайтыны қынжылтады. Көбіне уақыт өткізіп, ауру асқынған соң келетін науқастың көп екендігі жасырын емес.

– Қатерлі ісікте жасуша қызметі өзгереді. Мәселен, ағзадағы ісіктің өсу кезеңі бірнеше жылға созылуы мүмкін. Бұл кезде оның өскені сезілмейді. Тек ісік денеге тарап, науқас әлсіреп, жүдей бастаған кезде ғана біліне бастайды. Мұндай кезде бәрі кеш. Сондықтан ауырсаң да, ауырмасаң да медициналық тексеруден өткен дұрыс, – дейді онколог-маммолог Ләйлә Беріккызы.

Қатерлі ісік ауруының белең алуы әлемді алаңдатуда. Елімізде мұндай дертті ерте кезден анықтау мақсатында скринингтік тексеру жолға қойылған. Бұл қызмет медициналық сақтандыруы жоқ азаматтар үшін де қолжетімді. Ал диагнозында қатерлі ісікке күдік бар науқастар барлық қымбат тексеруден тегін өте алады.

Аймақта сүт безі қатерлі ісігімен мыңнан астам науқас есепте тұр. Өткен жылы есептегі адам саны 1034-ті құраса, биыл 1135 адамға жеткен. Алғаш есепке алынғандар былтыр 141 адам болса, биыл 139 адамды құраған. Ал аталған дерттен өткен жылы 29 адам көз жұмса, биыл 27 адам өмір сүру үшін күресті тоқтатыпты.

Қатерлі ісік ауруының қайсыбір түрі болсын, науқастар арасында үрей тудыратыны рас. Дәрігерлер науқастардың бұл диагнозды естігенде есеңгіреп қалатынын, бірден үмітін үзе бастайтынын айтады. Мұндай кезде онымен сөйлесіп, барынша көмек беріп, аурумен күресуге күш-жігер беруде онкологиялық орталықтың психолог мамандарының үлесі зор. Десек те ең абзалы – осындай күйге түспеудің қамын ертерек жасау. Денсаулыққа баса көңіл бөлу, салауатты өмір салтын ұстану кез келген дертті жеңудің басты жолы.

Айдана СЕЙІЛ

Осыдан 4 жыл бұрынғы коронавирустың салдары әлі ұмытыла қойған жоқ. Алайда әлемде таралып жатқан қауіпті вирустың соңы тәжді тажалмен бітпейтіндей. Бұған дейін де коронавирустың жаңа штамдары пайда болғаны, одан басқа да вирустың жаңа түрлері шыққаны белгілі. Жуырда Денсаулық сақтау министрлігі тағы бір вирустың өршуіне байланысты эпидемиологиялық жағдайды бақылауды күшейту туралы бұйрық шығарды. Аталған вирустан туындайтын қауіпті инфекцияның пайда болуы туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ескертті. Соның аясында қауіпсіздік шаралары ұйымдастырылуда. Бұған қатысты Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Сархат Бейсенова Денсаулық сақтау министрлігі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қауіпті инфекция – Марбург вирусының өршуі туралы ескертуінен кейін эпидемиологиялық жағдайды бақылауды күшейткенін атап өтті.

Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша, аталған вирустық ауру – адамдарға да, басқа приматтарға да әсер ететін сирек кездесетін, ауыр вирустық геморрагиялық қызба. Вирус табиғатта жарқанаттарда кездеседі және жарқанаттардан адамдарға берілуі мүмкін. Марбург қызбасының табиғи ошақтары – Оңтүстік, Батыс және Орталық Африка елдері: Оңтүстік Африка, Габон, Судан, Конго демократиялық республикасы, Либерия, Гвинея, Зимбабве, Кения қаласы саналады. Осы орайда министрлік тарапынан ақ эндемиялық елдерге баратын отандастарға арнайы профилактикалық шараларды сақтауды ұсынды.

Бүгінде Қазақстанға Марбург вирусының таралуына жол бермеу үшін бақылау күшейтілген. Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенованың айтуынша, аймақта эпидемиологиялық бақылау күшейтілген. Сондай-ақ аймақтың бас санитары аурудың клиникалық көріністері вирус жұқтырғаннан кейін 2-21 күннен аралығында біліне бастайтынын айтады.

– Аурудың негізгі белгілері қызу көтерілу, тамақ ауруы, бөртпе, іш ауруы, мұрыннан және көзден қан кету. Марбург вирусына қарсы арнайы ем мен вакцина жоқ. Тек симптоматикалық емдеу ғана жүргізіледі. Вирус адамға тікелей байланыс арқылы беріледі. Сіз зақымдалған тері немесе шырышты қабықтар арқылы жұқтыра аласыз. Сонымен қатар вирусты заттардың бетіне тигенде және төсек-орын немесе науқастың киімі сияқты материалдарды ұстаған кезде жұғуы мүмкін, – дейді маман.

Мамандар айтқандай, вирус қауіпті саналады. Оның арнайы емі не оған қарсы вакцина жоқ. Сондықтан санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Марбург вирусының эпидемиологиялық жағдайының дамуын мұқият қадағалауда. Елімізде инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында халықаралық әуежайларда, мемлекеттік шекарада санитариялық-карантиндік бақылау жүргізілуде. Сонымен қатар сырттан келетін жолаушыға термометрия тұрақты түрде жүргізілуде.

«Апталықтың» қолжазбы

Асқар АЛТЫНБЕКҰЛЫ, көз дәрігері, «Oscar Clinic» клиникасының құрылтайшысы:

ЕЛІМІЗДЕ 5000 АДАМ КӨЗ ҚАРАШЫҒЫН КҮТІП, КЕЗЕКТЕ ТҰР

– «Отадан кейін уақыт өте келе қайтадан көзілдірікке тәуелділік болады» пікірлер де жоқ емес. Жалпы сіздің тәжірибеңізде отадан кейін қайта көзілдірік киген жағдай кездесті ме?

– Бұл жалған ақпарат. Бұл отаны 18 жастан бастап, 50 жасқа дейін жасаса ешқандай өзгеріс болмайды. Жалпы, қай жаста да көзге лазерлік түзету жасаймын десе де әркімнің өз еркі. Тіпті біздің клиникамызда 80 жастағы қарияға да лазерлік операция жасаған жағдай болды. Яғни адамның өзіне, көзінің жағдайына қарай 18 жастан бастап, 50, 60, 80 жастағы адамға да жасауға болады. Ал отадан кейін қайта көзілдірік кию қандай жағдайда болады. Көзде «минустың» өсуі әлі тоқтамай жатып, ота жасатса, кейін қайта көзілдірік киюге тура келеді. Бір-екі жағдай болды. Бірақ бұл жағдай емделушіге алдын-ала ескертілді. Анығын айтқанда, 18 жаста көзіне ота жасатып, көзілдірік тастады, кейін тағы жасатты. Мұның себебі ағза өскеннен кейін көзінің көру қабілеті де өзгереді. Негізі көзді тексеріп, қадағалап барып, «минус» тоқтағаннан кейін барып көзге ота жасау керек.

– Қазір көзілдірік киетіндер қатары көбейді. Себебі неде?

– Иә, өте көп. Қазіргі буын жарық дүниеге келе салып гаджетке тәуелді. Бір жасқа толмаған сәбидің алдында да смартфон. Мұның бәрі көру қабілетінің бұзылуына әкеледі. Статистикаға сүйенсек, елімізде көзілдірік киетіндер саны жыл сайын өсе түсуде. Мұны бәріміз білсек те, балаға зиян екен деп қолынан смартфонын алып қойып немесе шектеп жатқан жоқпыз десек артық айтқандық емес. Дәрігер ретінде оқырмандарға айтар кеңесім, жылына бір рет көз дәрігеріне көзді тексертіп тұру керек. Екіншіден, смартфонға көп қарағанда, компьютер алдында ұзақ отырып қалған кезде арасында үзіліс жасап, жаттығу жасап тұрған жөн. Мүмкіндігінше компьютер алдында ұзақ отырмау керек. Алайда қазір жұмыстың барлығы компьютермен байланысты екені белгілі, дегенмен көзге көп күш түсірмеуге тырысу керек.

– Қазір шетел асып көзін емдетіп келіп жатқандар көбейді. Елімізде офтальмология саласы қаншалықты дамып келеді? Алысқа бармай-ақ өз елімізде емдеуге мүмкіндік бар ма?

– Еліміздегі офтальмология саласы әлемдік деңгейде дамып келеді. Бізде заманауи лазерлік аппараттар бар. Шетел асып емделгенде де осы бір аппараттар. Сол себепті көздің кез келген ауруын шетелге емес, өз елімізде жасауға болады. Елімізде білікті дәрігер де, жаңа технология да бар.

– «Қазір дәрігер таңдаудың қажеті жоқ, себебі отаны жасайтын аппарат» деген пікір бар. Бұған қалай қарайсыз?

– Иә, отаны жасайтын аппарат. Дегенмен барлығы дәрігердің біліктілігіне байланысты. Себебі жаңа технологияны басқаратын білікті дәрігер. Аппаратқа дұрыс тапсырма беру – дәрігердің міндеті. Одан кейін лазерлік аппарат дәрігердің айтқанын орындайды. Бір сөзбен айтқанда, маман да, құрал-жабдық та уақыт талабына сай болуы қажет. Көзге ота жасайтын аппараттардың барлығы Германиядан әкелінген. Мамандар 6 ай сайын құрал-жабдықтың жағдайын тексеріп тұрады.

– Жалпы көзілдірік тастау – офтальмология саласындағы жетістіктің бірі. Мұндай ота ең бірінші қай елде жасалды?

– Ең бірінші, осыдан 35 жыл бұрын Ресейде, Владимир Васильевич деген дәрігер жасады. Ол – менің ұстазым. Ота ресейлік аппаратпен жасалды. Алайда аппаратты одан әрі жетілдіруге мүмкіндік болмағандықтан, жаңа технология Еуропада жасалып, адамзат игілігіне қызмет етуде.

– Көз дәрігері ретінде арманыңыз қандай?

– Көз трансплантациясы дамыса екен деген арман бар. Емделмейтін көз аурулары соқырлыққа алып келеді. Сондай жағдайда көз трансплантациясы дамыса, қанша адамның үміт отын жағуға мүмкіндік болар еді. Қазақстанда қайтыс болған адамның дене мүшесін алуға тыйым салынған. Қазір Қазақстанда 5000-нан астам адам көз қарашығын алмастыруға кезекте тұр. Біз қазір көз қарашығын Америкадан сатып ала аламыз, бірақ ол өте қымбат. Бір көзге отаның өзі 2,5-3 млн теңге тұрады. Мұны квотамен жасайды, бірақ квотамен жасатуға 5 мың адам кезекте тұр. Ресейде де қайтыс болған адамның донор болуына рұқсат берілген, алайда ресейліктердің көз қарашығы өздерінен ауыспай жатыр. Біздің елде де алдағы уақытта қайтыс болған адамның дене мүшелерін донор ретінде пайдалануға заңмен рұқсат берілсе, дертіне шипа іздеген талай адамға көмек болар еді. Әсіресе жарық әлемді бір көруге зар болған зағип жандарды бақытқа бөлер едік. Менің дәрігер ретіндегі бір арманым осы.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан **Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Басы 1-бетте

Жақында «Анаға тағзым» орталығының ұйымдастыруымен «Әлди-ана» республикалық онлайн байқауы өз мәресіне жетті.

Қазақстан жазушылар және журналистер одағының мүшесі, белгілі ақын Дүйсенбек Аяшұлы төрағалық еткен қазылар алқасының құрамында айтыскер ақын Серік Ыдырысов, ҚР мәдениет қайраткері, әнші Үміт Медеуова, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Каримова, музыка саласының ардагері, орталық жанынан құрылған «Мирас» әжелер ансамблінің мүшесі Шара Маханова болды. Қазылар алқасы бұған дейін еш жерде жарияланбаған бесік жырының 15 нұсқасын тыңдап, сөзін, әнін, музыкалық әрлеуін жіті бағалады.

Нәтижесінде, бас жүлдеге «Ана әлдиі» туындысы лайық деп танылды. Жаңа бесік жырының сөзін Сағынғали Сейітов жазса, әні – Талғат Нағашыбаевтікі. Ал оны орындаған – Аягөз Райбекова. Сәті түскенде бесік жырының әнін жазған композитор Талғат Нашағыбаевпен сұхбаттасуды жөн көрдік.

Талғат НАҒАШЫБАЕВ, композитор:

ӘР ҮЙДЕ БЕСІК ЖЫРЫ ЖЫРЛАНСА ЕКЕН

– Талғат аға, кеше ғана «Ана әлдиі» атты бесік жыры жарыққа шығып, республикалық байқауда бас жүлде алдыңыз. Құтты болсын! Алдымен өзіңізді оқырманға таныстырғанымыз жөн болар.

– Құттықтауларыңызға рахмет. Өзім 1964 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданының Қаратерең ауылында дүниеге келдім. Адам өміріндегі ең қымбат жан – ата-анам. Әкем тоқсанға таяп қалды. Ал анам өмірден өтіп кетті. Бауырларым бар. Әрқайсысы бір-бір шаңырақтың иесі.

Мектеп бітіргеннен кейін Қазанғап атындағы музыкалық колледжінің үрмелі аспаптар бөлімінде білім алып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда педогогикалық университетінің музыка факультетінде оқыдым.

– Қателеспесек, бала кезден өнер жолына жақын болдыңыз. Осы дара жолға келуіңізге кім себеп болды?

– Расында да, Арал ауданында оқып жүрген кезде әнге құмарттым. Мектепте ән сабағында өлеңді тез жаттап, қайта айтып беретінмін. Бала кезде мынадай қызық болды. Туған күнімде әкем «ал, балам, туған күніңе қандай сыйлық әперейін?», – деп сұрады. Велосипед арманым болып жүрген. Соны әперіңізші, – дедім. Сөйтіп, әкем екеуміз дүкен аралауға шықтық. Бірақ велосипед таба алмадық. Ол кезде велосипедтің таптырмайтын шағы еді. Әкем «енді қандай сыйлық аласың?», – деді. Содан ойлана келе, тағы бір дүкенге келдік. Онда радио, музыкалық аспаптар сатады екен. Бір кезде сырнайға көзім түсті. Соны алып беруін қаладым.

Үйге әкеле салып, сабаққа кетіп қалдым. Бірақ ойым сабақта емес, үйдегі аспапта. Содан үйге келісімен қолыма сырнайды алып, тартқым келді. Бір айдың көлемінде үйреніп алғаным есімде.

Басы 1-бетте

– Байқауда бас жүлдеге алған «Ана әлдиі» атты бесік жырының әнін жазған өзіңіз екенсіз. Ал әннің сөзін жазған марқұм Сағынғали Сейітов екен. Жалпы бұл әннің сөзімен қалай таныс болдыңыз? Әнді жазуға қанша уақыт кетті?

– Иә, орынды сұрақ. Осы әнмен республикалық байқауға қатысып, бас жүлделі болдық. Негізі әннің сөзін жазған ағамызды өзім танымаймын. Ол кісі 1917 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген екен. Ақын, сыншы, әдебиет зерттеушісі болған.

Студент кезімде әкемнің орнына күзетші болатынмын. Сол сәтте мекеме басқа ғимаратқа көшіп, кітаптарын жинастырып жатты. Сол кезде ішінен бірнеше кітапты оқуға алдым. Арасында осы Сағынғали ағамыздың кітабы бар. Соның ішінде «Ана әлдиі» өлеңі ұнаған еді . Бесік жырын өлең дәптеріме жазып қойдым. Реті келгенде бір ән шығарармын деген ой болды. Сөйтіп, арада бір-екі жыл өткенде ән шығардым.

Бір мәрте әнші қызға орындаттым. Алайда ол кезде әніміз онша тарала қоймады. Әлі де музыкалық әрлеуді қажет етті. Оның үстіне туындыны жариялайтын бүгінгідей әлеуметтік желі жоқ. Солай бұл ән ұмытылып кетті.

Жақында «Анаға тағзым» орталығы байқау жариялады. Сол кезде осы әннің қайта жарыққа шығу сәті келді. Содан әнді қайтадан өңдеп шығардым. Шыны керек, «Ана әлдиі» бесік жырының жүлдызды сәті енді туғандай әсерде болып жүрмін. Негізі қазақтың үйі баласымен бай-дәулетті келеді. Сондықтан бөбегі бар әр үйде бесік жыры айтылса керемет емес пе... Бұрындары бесік жырын көбіне әжелеріміз айтып отыратын. Сондай әдемі сәттің талай куәсі болдық.

– Өнерде өзіңіз үлгі тұтқан аға буын, ұстазыңыз?

– Ең алдымен Шәмші Қалдаяқов ағамыздың аты есіме түседі. Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев,Ілия Жақанов ағаларымызды үлгі тұтамын. Осындай майталмандардың әндерін тыңдап өскенмін. Әлі де жақсы көремін. Осы жақында ғана Ілия Жақанов ағамызбен әлеуметтік желі арқылы танысып, жақсы араласып кеттік. Әндеріме жоғары бағасын беріп, көңілім көтеріліп, төбем көкке жеткендей болды. Міне, осы кісілерді мен өнер жолында ұстаз көремін.

– Отан, ана, табиғат секілді тақырыптарға біраз ән шығардыңыз. Жалпы сазгерге шабыт қай кезде келеді?

– Қарап отырсам, өнер жолында келе жатқаныма қырық жылдай уақыт болды. Соның ішінде екі жүзден аса ән шығарыппын. Алғашқы әнім «Анашым», «Ана әлдиі» әндерінен бастап тыңдаушылардың жүрегінен орын алды. Қазір балаларға және балабақша бүлдіршіндеріне арнап жазған әндерім баршылық.

1993 жылы Алматы қаласы «Өнер» баспасынан шыққан «Сұлуым-ай, сұлуым» атты кітабына ақын Рза Қунақованың өлеңіне жазылған «Сағынбасаң» әнім енді. 2018 жылы республикалық «Зерек ботақан» балалар журналына «Сарбаздар», «Біз бақытты балдырған», «Балдәурен», «Астана» әндерім жарыққа шықты және дискіге басылып, республика бойынша мектептерге және балабақшаларға таратылды. 1993 жылы Алматыда «Тамаша» әзілсықақ отауында белгілі эстрада жұлдызы әнші Болат Құсайыновтың орындауында «Жүрегім саған», «Сәулешім» әндерім орындалды. Талай әншілер «Таңшолпан», «Әнші балапан», «Жас қанат» конкурсында әндерімді орындалып жүр. Әндерім облысымыздың белгілі әншілері Қазақстанға еңбек сіңірген әнші К.Қалымбетова, Қазақстанның мәдениет қайраткері Ү.Медеуова, Эстонияда өткен 8-ші халықаралық балалар шығармашылығы фестивалінің бас жүлдегері – А.Ыбраева, «Азия дауысы» конкурсының лауреаты Г.Оразымбетова және Ш.Қалдаяқов атындағы ән конкурсының лауреаты С.Аққұлованың репертуарында орындалды. Сонымен қатар 2004 жылы М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің әнұранының әнін жаздым

Жалпы ән шығару оңай емес. Үлкен еңбекті қажет етеді. Құдай бізге осындай қабілетті берген соң оны дұрыс, ұтымды пайдалана білуіміз керек. Жасым алпыстан асса да әлі күнге дейін ізденіс үстіндемін. Себебі шығармашылық жолда ізденіс қажет. Қанша жетістікке жетсем де, енді ғана ән шығарып келе жатқан, қатарға жаңадан қосылған сазгер секілді еңбектенемін. Өйткені өмірде де, өнерде де «толдым, болдым» деген адам өспейді. Қайта кері кетеді. Қазақта «ағысын тоқтатқан өзен суы бұзылады» деген сөз бар ғой. Сол сияқты өнер де кіршіксіз тазалықты сүйеді, ізденесті жақсы көреді.

– Осы кезде облыс бойынша балабақша музыканты екенсіз. Оны әңгіме барысында өзіңіз де айтып өттіңіз. Яғни балаларға арнап ән шығарып жүрген жайыңыз бар. Осыған тоқтала кетсеңіз...

– Негізі бастапқыда шығарған әндерімнің ішінде балаларға арналғаны аздау екенін байқадым. Ал қазір балаларға ән шығарып жүрмін. Кішкентайларға ән шығару да оңай емес. Осы кезде «Ән шуақ» атты фестиваль өтуде. Жалпы әндерім мектептер мен балабақшаларда орындалып жүр. Оған қоса әлеуметтік желі арқылы да таралып жатқан жайы бар. Онда да қаралым жақсы, өз тыңдарманын тауып, көптің көңілінен шығуда. Жалпы бір көңіл қуантарлығы, әндерім республикаға таралуда. Бұл мен үшін бір жетістік.

– Отбасыңыз жайлы айта кетсеңіз...

– Шағын әрі бақытты отбасым бар. Жолдасым – медицина саласында, қызым – мұғалім, ұлым программист мамандығы бойынша еңбек етуде. Екі баладан алты немере сүйіп отырған атамын.

– Шығармашылық жолында алдағы жоспарыңызбен бөліссеңіз...

– Алда жоспар көп. Алпыс жылдықтың құрметіне арнайы кеш өткізу де ойда бар. Жақында өнер мектебінен ұсыныс түсті. Балаларға арналған әндеріме авторлық кеш өткізгісі келеді екен. Қуанып қалдым. Сонымен бірге мектептер мен балабақшаларда конкурс өткізгім келеді.

– Сұхбатыңызға разхмет.

Сұхбаттасқан **А.НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ**

Қысқа-нұсқа

– Өмірдің мәні неде?

– Деннің саулығында. Денсаулық мықты болса, бәріне де қол жеткізе аласың.

– Адамның бойындағы қандай қасиетті бағалайсыз?

– Адалдықты, уәдеде тұру.

– Соңғы оқыған кітабыңыз?

– «Робинзон Крузоның бастан кешкені» кітабын қайтадан оқып шықтым.

– Сүйікті ісіңіз?

– Шахмат ойнағанды және ән шығарғанды жақсы көремін.

ДУБАЙ ШОКОЛАДЫ және КӨРСЕҚЫЗАР ҚОҒАМ

Елімізде Дубай шоколадына деген тәбеттің артуын мамандар тұтыну мәдениетінің төмендігімен бағалауда. Себебі қаржылық сауаты бар адам мұндай бір сәттік әрі құнсыз дүниелерге босқа ақша шашпайды дейді. «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен мұны «маркетингтік тәсілдің құрбаны болу» деп бағалады. Себебі жай ғана тәттіге қызықтыру арқылы жұртшылықтың қызығушылығын арттыру өнімді сатудағы басты тәсілдің бірі саналады.

– Негізі сатып алудың екі әдісі болады. Бірі – қажеттілік, екіншісі – қалау. Қажеттілік ол өмір сүру сапасын арттыру мақсатында жұмсалатын шығындар санаты. Ал қалау – ол эмоциялық көңіл күй сыйлайтын шығын. Дубай шоколады екінші санаттағы шығын түрі. Бұл өнімді сату үшін ойлап тапқан маркетингтік әдістің нәтижесінде трендке айналды, – дейді қаржы сарапшысы.

Иә, трендтен қалмау үшін барын салатын жандар үшін Дубай шоколады жоспарсыз шығын жасаудың басы да соны да емесі анық. Сарапшы айтқандай, әр адам жөнсіз ақша жұмсамауы үшін «жеті рет өлшеп, бір рет» кескені абзал.

– Жалпы өмірде адам баласының нақты бағыт-бағдары, өмір сүру стратегиясы болады ғой. Оның күнделікті іс-әрекеті де соған сай құрылады. Мәселен, ақша жұмсауда сатып алатын дүниен қаншалықты қажет, сенің мақсатына қаншалықты сай келеді соған мән беру керек. Көпшіліктің Дубай шоколадын сатып алуын қаржылық сауатсыздық деп баға беруге болмас. Бұл бір реттік қызығушылықтың көрінісі. Дегенмен мұндай жағдай қайталана берсе, адамдар өнім сатудағы маркетингтік әдістерге жиі алданатын болса, онда оның табысына кері әсер ететінін ұмытпағаны жөн, – дейді сарапшы.

Ғаламтордағы ақпаратқа сүйенсек, хит болған тәттінің Дубайдағы негізгі бағасы бес мың теңгеге жуықтайды екен. Ал арнайы тапсырыспен келетін шоколадтың бағасы қазір 18-20 мың теңге шамасында. Соған қарамастан бір шоколадқа осынша қаржы жұмсайтындар бар. Өкініштісі, елдің бәрі қызыққан шоколадты жеп көру үшін несие алғандар да бар көрінеді. Бүгінде Дубай шоколадын еліміздің кондитерлері де шығаруда. Бірақ нағыз тәттінің дәмін татқысы келетіндер арнайы Отанынан алдырады.

Dalainside.kz ақпараттық-сараптамалық сайты осы өнімге қатысты мақала жариялапты. Онда шоколадқа жұмсалған 20 мың теңге бір ғана тұтынушы тұрғысынан елеулі емес екендігін айтады. Алайда мұндай транзакцияның саны еселенген сайын бұл миллиондаған теңгенің шетелге кетуіне ықпал етеді. Сондай-ақ шетелдік тауарға тәуелділік ұлттық капиталдың ішкі нарықта тұрақтауына кедергі келтіреді.

– Қазақстан үшін Дубайдан жеткен шоколадтар белгілі бір әлеуметтік статустың белгісіне айналған. Оның дәмі сол 20 мыңның өзіндік құнын ақтай ма, мәселе онда емес. Мәселе, сіздің әлемжелідегі статусыңызға инфляциясыз өсім беретін шоколадтың өзінде болып тұр. Мұндай психотипке ие адамдар үшін қаржылық тұрақтылық немесе жинақ жасау маңызды емес. Олардың психологиясы көбіне қоғамның көзқарасына тәуелді. Егер әлемжеліде немесе таныстар арасында «Дубайдан шоколад әкелу» трендке айналса, олар да солардың қатарынан қалғысы келмейді. Бұл «қазақтарда ақша бар, бірақ оны қалай жұмсауды білмейді» деген пікірдің классикалық үлгісі. Шоколадтың құнына көз тастай отырып, тек бір ғана сауал қоя аламыз: «қазақтардың ақшасы қайда кетіп жатыр?»

Брендке, мәртебеге, ең бастысы, сыртқа кетіп жатыр, – делінген мақалада. Расымен, 20 мың теңге кейбіреулер үшін көп қаржы болмаса да, қарапайым халық үшін әжептәуір ақша. Ал оны тиімді жұмсай білсең, ертеңгі ағылғыне айналуы да мүмкін.

Жалпы жеңіл дүниеге қызығушылық, өмірдің мәнін тек материалдық тұрғыдан қарастырып, бүгінгі күнмен өмір сүру, ішіп-жеу, әдемі киіну қазіргі заманның стиліне айналғаны жасырын емес. Дубай шоколады сол өмірдің бір бөлшегі ғана. Бұл тұрғыда психолог маман былай дейді.

– Дубай шоколады бүгінде жаппай қызығушылық тудыруда. Сол үшін қалтасындағы соңғы тиынын беретіндер де бар. Психологиялық тұрғыдан мұндай әрекетті тәуелділік деп айтуға болмайды. Бұл тек қызығушылық. Өкінішке қарай мақтаныш сезімін сыйлайтын бір сәттік дүние әрі ысырапқа жол беру. Бұл да көптің Iphone смартфонына қызыққаны сияқты жағдай. Шоколадтың шын мәніндегі дәмі, құрамы, оның қаншалықты маңызы барына ешкім бас қатырмайды. Шындығында, бұл тек эмоциялық әсер береді. Уақыт өте келе бұл да трендтен қалады. Біз өте еліктегіш халықпыз ғой. Сондықтан Дубай шоколады сол қажеттіліктің орнын толтырушы өнім ғана, – дейді психолог маман Ақтолқын Алтынбайқызы.

«Дубай шоколадын ел-жұрт жаппай сатып алуда» деп даурығудың қажеті де жоқ шығар. Десе де әлеуметтік желідегі жалған өмірге қызығатындар көп. Ертеңін ойламастан бір шоколад үшін несие алғандарға не деуге болады. Бұл расымен, бізде тұтыну мәдениеті қалыптаспағанын білдіреді.

А.ӘЛІМ

Басы 1-бетте

Орамал туралы ой...

Ақжаулықты ана, ақ кимешекті әже... Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, қандай жарасымды. Бала күнімде орамалдың қасиеті туралы әжемнен жиі еститінмін. Егер әйел адам орамал тартса, иманының күшейгенін байқатады» деуші еді марқұм әжем. Ол кісінің өзі түнде ұйықтаса да, басынан тастаған емес. Себебі оның да өз құпиясы бар.

Майлықты басына жаба салды...

Бірде танысымыздың үйі құдайы берді. Жан-жақтан ағайын-туысы келді. Дастархан басында отырған қыз-келіншектердің біразы жалаңбас екенін көзіміз шалды. Бір кезде Құран оқылатын болды. Әдетте ондай кезде орамалсыз отыруға болмайтынын жақсы білеміз. Содан жалаңбас келгендерге орамал тарту керектігі сол кезде естеріне түссе керек, жалма-жан орамал сұрата бастады. Одан бірі дастархандағы майлықты, енді бірі сүлгіні басына жаба салды. Құран оқылып болғаннан кейін молда кісі оларға орамалдың қаншалықты қасиетті екенін байыппен жеткізді.

Қазір жасы үлкен әйелдердің көбі жалаңбас жүр. Бұрын үлкендер шашта қасиет бар, ол жуып, күтілмесе, ұзатылған соң көзден жаулық арқылы көлегейленбесе қасиет қайтады деп айтатын.

Әже әңгімесі

Жақында қала тұрғыны, ақжаулықты әжеміз Шырынкүл Аманатқызы орамалдың қасиетіне тоқталған еді.

– Орамал – ана екеніңді, біреудің Құдай қосқан жары екеніңді, ақ-адал ниетпен аттаған шаңырағың бар екенін білдіретін белгі. Басты қасиеті де осында жатса керек. Жалпы қазақта оның қадірін ұқтыратын әдет-ғұрып пен жөн-жоралғы баршылық, – деп ақжаулықты әжеміз әңгімесін жалғастырды. Ырымдардың бірі ретінде араша үшін ортаға орамал тастау ишарасын айтуға болады. Бұл көбіне жесір дауы орын алып, екі рулы елдің арасы бүлінуге шақ қалған кездерде болған. Бұдан бөлек, басқа да келеңсіз жағдайдың кесірінен туындаған ағайын арасындағы тартыс кезінде тіпті бүкіл ел өміріне зардабын тигізетін оқиғалар барысында беделі жоғары, сыйлы аналар бейбіт келісімге, мәмілеге келуге шақыру мақсатында орамалын ортаға лақтырған. Ал ананы сыйлайтын, орамал қасиетін бағалайтын ер азаматтар орамалдан аттап өтуді ар санап, оның киесінен тайсақтап, қара күшке емес, сөзге жүгініп, келісімге келген. Оған қоса қыз баланы келісімсіз алып қашқан кезде де осы ғұрыпты көп аналарымыз пайдаланған. Өзім басымнан орамалымды тастаған емеспін. Қазақ әйелі орамалсыз жүрмесе екен, – деген ойын жеткізді әзиз әже.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөздерден

Газеттің келесі саны 25 қазан, жұма күні шығады.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторлық, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетделіп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 **Тапсырыс №1655**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА